# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА

## № 1

## Эссе

Әлемнің әрбір тұрғыны алдымен тәуелсіз елде өмір сүруді қалайды. Мен де осы адамдардың қатарындамын және мен үшін тәуелсіздіктің мәні зор. Негізгі маңызы - тату-тәтті елде өмір сүріп, болашағым үшін қорықпай тәуелсіз мемлекетте жұмыс жасау. Тәуелсіздігі бар елдің болашағы үшін, тұрғындарға құқық пен бостандық беруімен қатар бақыт сыйлайды. Менің ойымша, тәуелсіздік алдымен ой-еркіндік, ой еркіндік - адам бақытының кепілі. Сол себептен, мен үшін тәуелсіздіктің маңызы - еркіндік пен бостандықта өмір сүріп, келешекте ел күмәнсіз өмір үшін мақтан болу.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алды. Халықтың ұйымдасқан күресі мен бірлігі болмаса, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болуы екі талай. Мен үшін тәуелсіздіктің басты нышандарының бірі - халықтың бірлігі. Бірлігі жоқ елді тәуелсіз және қуатты деп айтуға болмайды. Қазақ халқының ерте заманнан бастап бірлікті көруге болады. Әйтпесе біз тәуелсіз мемлекет болып, қазіргі кезге дейін қалай жетуші едік? Қазіргі кездегі барлық жетістіктер халықтың бірлігімен байланысты деп ойлаймын. Тәуелсіз елдің іргесі - халық, ал тәуелсіз елді ұстау халықтың бірлігінен көрініс табады. „Отан оттан да ыстық" деп айтқандай, қазақ халқы тәуелсіздік үшін жанын аямай күресіп, талай қиыншылықтарды бастан өткізіп мақсатына жетті. 1465-1466 жылдары Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек хандардың тәуелсіздікке жету мақсаттары бес ғасырға созылды. Сонау Қазақ хандығы құрылған кезеңнен халықтың бірлігінің арқасында біз еркін еліміз. Тәуелсіздікті бағалауымыз және оны сақтау үшін аянбай еңбек етуіміз қажет.

Қазақстан Республикасының қалыптасуы бірнеше ғасырлар бойы жасалған күрес пен қиын оқиғалардың нәтижесі. Одан басқа белгілі бір тарихи оқиға ғана емес, бірнеше оқиғалар бола алады. Мен үшін Қазақстан Республикасының қалыптасуына әсер еткен тарихи оқиғалар: 1916 жылғы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 1
## Эссе

ұлт-азаттық қозғалыс, 1917 жылғы Ақпан революциясы мен «Алаш» партиясының құрылуы, 1643 жылы болған Орбұлақ шайқасы, «Желтоқсан» оқиғасы мен қазақ хандарының атқарған үлесі. Әрбіреуіне тоқталсақ, қазақтардың тәуелсіздікке жету жолы айқын көрінеді.

Қазақ хандығын негізін салушылары Керей мен Жәнібек Жетісу аумағында мемлекет құрайды. Бұл тәуелсіздікке жету жолының алдыңғы бастамасы деп есептеуге болады деп ойлаймын. Мысалы, 1509 бен 1510 жылдары Қасым хан Мұхаммед Шайбани ханға соққы беріп, қазақ мемлекетін сақтап қалады. Көптеген шайқастар, соғыстар мен алмасырған кезеңді бастан кешіп, мемлекетті сақтап қалу — тәуелсіз мемлекеттің іргесі. Қазақ хандары болмаса, қазіргі заманауи Қазақстан болмайтын еді.

1643 жылы Орбұлақ өзенінің бойында тарихта белгілі Орбұлақ шайқасы өткен. Жәңгір хан небәрі 600 шамасындай әскермен мыңдаған әскерлері бар жоңғарларға қарсы шығады. Нәтижесінде қазақтар жеңіске жетеді. Неге осыны тәуелсіздікке бастар жол деп санамасқа?

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінде үлкен рөл атқарған, әрине, «Алаш» партиясы мен Қазақ АКСР-інің Құрушы хатшысы — Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев деп санаймын. 1916 жылы 21-28 шілде күндерінде Бүкілқазақтың Құрылтай съезі өтті. «Алаш» партиясының негізін қалаушылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов қазақтардың және мемлекет шыңына үлкен үлесін қосты. 1917 жылы өткен Ақпан революциясының нәтижесінде олар Кеңес үкіметі мен большевиктерге қарсы саясат құрайды. Олардың Кеңес үкіметіне қарсы шығуының себептері — орыстандыру саясатына қарсылығы, қара жұмысқа орыс емес адамдарды алуы және азық-түлік пен алпарым мәселелер. Ол кезде КСРО басшысы — В. Ленин болған. Оның айтуы бойынша «әрбір адам өзіне тоқ мөлшерде жететін азық-түлік алып, қалғаны



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 1
## Эссе

әскерге беруі тиіс" болу керек еді. Осыған қарсы «Алаш» партиясы шығып, олардың күрестерінің нәтижесінде 1936 жылы Қазақ Социалистік Кеңестік Республикасы құрылады. Бұл — Қазақстан Тәуелсіздігінің нағыз бастауы.

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев Қазақ АКСР-інің Бірінші хатшысы. Мен үшін бұл адамсыз біз осындай дәрежеге жетпеуші едік. Себебі бұл адамның ісі қазіргі Қазақстанның мемлекет болып өмір сүруінің нәтижесі. Д. Қонаев қарапайым адам болғанымен ерекшеленген. Қазақстанның Тәуелсіздікке жету жолындағы оның еңбегі өте зор.

Осы атап шыққан тарихи оқиғалар мен тұлғалар ҚР Тәуелсіздіктің қалыптасуына үлкен рөл атқарды деп ойлаймын. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы біз үшін үлкен қуаныш. Жеке мемлекет болып шығудың өзі бір тарих және осы тарихты құрметтеу әр адамның парызы.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 2

| Тесттің № / № теста | 1 нұсқаның жауабы - A / 1 вариант ответа - A | 2 нұсқаның жауабы - B / 2 вариант ответа - B | 3 нұсқаның жауабы - C / 3 вариант ответа - C | 4 нұсқаның жауабы - D / 4 вариант ответа - D |
|---|---|---|---|---|
| 1 | + | | | |
| 2 | | + | | |
| 3 | | + | | |
| 4 | | | | + |
| 5 | + | | | |
| 6 | | + | | |
| 7 | | | + | |
| 8 | + | | | |
| 9 | | | | |
| 10 | | | + | |
| 11 | | + | | |
| 12 | | | + | |
| 13 | | + | | |
| 14 | | | | + |
| 15 | | + | | |
| 16 | + | | | |
| 17 | | | | + |
| 18 | | | | + |
| 19 | | | | + |
| 20 | | + | | |



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ